

Целиноград аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 ақпандағы № 385 /57-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 ақпанда № 7687 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Целиноград аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық
мәслихаты сессиясының
төрағасы*

Я.Мофа

*Целиноград аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б.Ибраев

"КЕЛІСІЛДІ"

Целиноград ауданының әкімі

Целиноград аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 20 ақпандағы
№ 385/57-6 шешіміне
қосымша

Целиноград аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Целиноград ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін анықтау туралы" Целиноград аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 283/41-5 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4760 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 мамырда жарияланған).

2. "Целиноград аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 283/41-5 "Целиноград ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін анықтау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу

туралы" Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 наурыздағы № 10/1-6 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5307 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 5 мамырда жарияланған).

3. "Целиноград аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 283/41-5 " Целиноград ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін анықтау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы " Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 тамыздағы № 54/6-6 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5522 тіркелген, " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 22 қыркүйекте жарияланған).

4. "Целиноград аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 283/41-5 " Целиноград ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін анықтау туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Целиноград аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 тамыздағы № 233/33-6 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6792 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 27 қыркүйекте жарияланған).